

Автотұрақтар (паркингтер) санаттарын белгілеу және орналасқан жерге арналған базалық салық мөлшерлемесін ұлғайту туралы

Шымкент қаласы мәслихатының 2020 жылғы 14 қыркүйектегі № 69/628-6с шешімі. Шымкент қаласының Әділет департаментінде 2020 жылғы 23 қыркүйекте № 125 болып тіркелді

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексінің 505-бабына, 509-бабының 3-тармағына сәйкес және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Шымкент қаласының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Автотұрақтардың (паркингтердің) санаты осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Автотұрақтарға (паркингтер) орналасқан жерлерге арналған базалық салық мөлшерлемелері осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес ұлғайтылсын.

3. "Автотұрақтар (паркингтер) санаттарын белгілеу және орналасқан жерлерге арналған базалық мөлшерлемелерін ұлғайту туралы" Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қалалық мәслихатының 2018 жылғы 29 мамырдағы № 28/240-6с (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4634 болып тіркелген, 2018 жылғы 22 маусымдағы № 49 "Шымкент келбеті" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

4. "Шымкент қаласы мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Шымкент қаласының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;
2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін ресми жариялау үшін Шымкент қаласында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарына жіберуді;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Шымкент қаласы мәслихатының интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шымкент қаласы

мәслихаты сессиясының төрайымы

Шымкент қаласы

мәслихатының хатшысы

Т. Султанова

Г. Ташкараев

Шымкент қаласы мәслихатының

Автотұрақтардың (паркингтердің) санаттары

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Шымкент қаласы мәслихатының 14.12.2022 № 23/221-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Автотұрақтардың (паркингтердің) санаттары
1.	Ақылы автотұрақтар (паркингтер)
2.	Ақысыз автотұрақтар (паркингтер)

Шымкент қаласы мәслихатының
2020 жылғы 4 қыркүйектегі
№ 69/628-6с шешіміне 2 қосымша

Автотұрақтар (паркингтер) орналасқан жерлерге арналған базалық салық мөлшерлемесінің ұлғаюы

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Шымкент қаласы мәслихатының 14.12.2022 № 23/221-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Автотұрақтардың (паркингтердің) санаттары	Базалық салық мөлшерлемесінің ұлғаюы
1.	Ақылы автотұрақтар (паркингтер)	он есе
2.	Ақысыз автотұрақтар (паркингтер)	бес есе